

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№41 (154) ЖҰМА

14 қараша 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

ҰЛЫТАУ ҰЛАНДАРЫНА – «ҰЛЫТАУ ҰЛАНЫ» СЫЙЛЫҒЫ

Облыстың қоғамдық өміріне белсене араласып, өз еңбегімен өңір дамуына үлес қосып жүрген жастарды марапаттауға арналған сыйлық биыл тағы да салтанатты жағдай өз иелерін тапты.



бетова, «Үздік жас өнерпаз» – Ардақ Жарқынбеков, «Жылдың спорт жұлдызы» – Бекжан Қабжанов, «Жас ерікті – қоғам жанашыры» – Айнара Нұрғазиева, «Жылдың үздік жас еңбеккері» – Жігер Еділбаев атанды.

Сәтбаев қаласы әкімі баспасөз қызметінің жетекшісі Назерке Сапарбек «Жас медиақашбасшы» номинациясын жеңіп алды. «Аймақ ақшамы» Назеркені шын көңілден құттықтап, шығармашылық жаңа табыстар тілейді.

Жеңімпаздарға дипломдар, арнайы статуеткалар және ақшалай сыйлықтар табысталды.

«Аймақ ақшамы»

Мемлекеттік органдар мен жастар ұйымдарының өкілдері, сондай-ақ өңірдің дарынды, белсенді жастары қатысқан салтанатта Ұлытау облысы әкімінің орынбасары Жәнібек Нөпіров құттықтау сөз сөйлеп, жастардың қоғамдағы белсенділігі мен еңбегін жоғары бағалады.

Жеңімпаздар төмендегідей номинациялар бойынша марапатталды:

«Жас саясаткер» – Талғатбекова Нұргүл Ахатқызы, «Жылдың жас көшбасшысы» – Инабат Мұханбедиярқызы, «Үздік жас кәсіпкер» – Гүлім Аймағам-



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ИНКЛЮЗИВТІ СПОРТ ФЕСТИВАЛІ

Қарашаның 4-6 күндері Астанада болып өткен «Тең мүмкіндіктер» республикалық инклюзивті спорт фестиваліне Сәтбаев қаласының өкілдері де қатысты.



Еліміздің әр өңірінен 500-ге жуық жас қатысқан бұл жай ғана спорттық дода емес, кедергіге мойымай, тағдырдың қиындығын қайсарлықпен еңсерген жандардың жеңіс алаңы болып табылады.

Спорттың 3 түрінен өткен сайыста Сәтбаев қаласының Қаныш Сәтбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің 8-сынып оқушылары «Жеңіл атлетика» бойынша бақ сынады.

Жас спортшылардың қабілетін шыңдап, үлес қосқаны үшін Қаныш Сәтбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі Нұрлан Айтбаевтың еңбегі ерекше.

Жеңістеріңіз құтты болсын!

(Өз тілшімізден).

БАСПАСӨЗ – 2026

«АЙМАҚ АҚШАМЫ» ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА - 10 000 (ОН МЫҢ) ТЕҢГЕ

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА - 5 000 (БЕС МЫҢ) ТЕҢГЕ

Газет жеке тұлғалардан жазылушылар саны бір ұжымнан 10 және одан көп болған жағдайда жазылушылардың жұмыс орнына жеткізіледі. Ал, одан кем болса, редакцияға келіп аласыздар.

РЕКВИЗИТ: ИП "ДАСТАНОВ А"

АДРЕС: ОБЛАСТЬ ҰЛЫТАУ, Г.САТПАЕВ, УЛ. ЕРДЕНА 161-7

БИН/ИИН 611106301669 ИИК KZ956017171000002055 БИК HSBKKZKX

АО НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА КБЕ 19



Анықтама телефоны: 87773024679

«QARMET» АҚ ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНА 700 МИЛЛИОН ТЕНҒЕ БӨЛЕДІ

Аталған қолдау - облыс әкімдігі мен компания арасындағы меморандум аясында жасалмақ. Маңызды құжат өңірдегі әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған. Осылайша, Қаражал қаласында кәсіпорынның қолдауымен жаңа әлеуметтік бастамалар жүзеге асырылмақ.



«Qarmet» компаниясы облыс аумағында темір және марганец кенін өндіретін «Өркен» ЖШС арқылы жұмыс істейді. Тараптар қол қойған өзара әріптестік ынтымақтастық аясында компания 2026–2028 жылдары қаладағы бірқатар әлеуметтік нысанды жаңғырту мен инфрақұрылымды дамытуға қаржы бағыттайды.

Жоспар бойынша «Бал-бөбек» балабақшасын

күрделі жөндеу, коммуналдық қызметтерге арнайы техника сатып алу және медицина қызметкерлерінің еңбек жағдайын жақсарту көзделген.

Компания сонымен қатар өңір жастарын спортқа тартуға бағытталған жобалар мен спорттық бастамаларды қаржыландыруға ниетті.

Облестік баспасөз қызметі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТҰРУ – БӘРІМІЗГЕ МІНДЕТ

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырғаны белгілі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

Жемқорлық мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп – өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады» деген нақыл сөз қай салада болмасын еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында

да, адал қызмет етіп, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие бола аламыз. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе ол сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатырған түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпараттарды дұрыс жеткізу, олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көметесудің алғы шарттарының бірі болып саналады.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі - ол азаматтардың арыз-шағымы. Біздің Ұлытау облысы бойынша Қазынашылық департаментінде азаматтардың арыз – шағымдарына дер кезінде, уақытылы және сапалы түрде жауаптары қайтарылып отырылады.



Сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстарды насихаттау мақсатында, ғимарат ішінде екі тілде сыбайлас жемқорлыққа қарсы хабарландыру мен жадынамалар, сенім телефондары туралы және әдеп жөніндегі уәкілдердің байланыс көрсетілген ақпараттары орналастырылған.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға

бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеушілігі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

Сондай-ақ кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талапарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі. Адалдық бар жерде сыбайлас жемқорлық белең алмайды.

«Жемқорлық-індет, онымен күресу-міндет» қағидатын баршаның санасына сіңіру бүкіл мемлекеттік қызметкерлердің ортақ жұмысы болуға тиіс.

Әділбек ЕСҚАРАЕВ,
Ұлытау облысы бойынша
Қазынашылық департаментінің
басшысы.

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА -140 ЖЫЛ

БАСТЫ АМАНАТ – ҰЛТҚА АДАЛ ҚЫЗМЕТ ЕТУ

Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен кітапхана төрінде өткен басқосу барысында Алаш зиялыларының мұрасын зерттеп жүрген оқытушылар мен ұстаздар жастармен жүздесіп, тың ой, құнды пікірін ортаға салды.

Қарағандыдағы «Болашақ» академиясының оқытушысы Ерзат Ермағанбетов, Қ.Сәтбаев атындағы мектептің мұғалімі Нұрқиса Құлашева Міржақып Дулатұлының шығармашылық әлеміне терең талдау жасады. «Бақытсыз Жамал», «Шолпанның күнәсі» туындыларының композициялық құрылымы мен көркемдік ерекшеліктеріне, автордың психологиялық шеберлігі мен ұлттық идеяны жеткізу тәсіліне тоқталды. Зерттеушілердің мазмұнды ойы рухты серпілтіп, үлкен ой салды.

Б.Бұлқышев атындағы орталық кітапханада ел руханиятының биік белесін айшықтаған тағлымды ісшара өтті. Қазақтың ұлтжанды перзенті, көрнекті қаламгер, қоғам қайраткері Міржақып Дулатұлының туғанына 140 жыл толуына орайластырылған кеште ұлт тарихы ұлықталып, рухани жаңғырудың жарқын көрінісі көз алдымызға келді.

Міржақып Дулатұлы «Бақытсыз Жамал» шығармасын небәрі 20 жасында жазды. Өрімдей жас жігіт сол туындысы арқылы қазақ әйелдерінің мұң-зарын, қоғамның әділетсіз тұстарын, ұлттың рухани дертін терең суреттеді. Бір ғана Жамалдың тағдыры арқылы бүтін бір халықтың жан айқайын жеткізді. Бұл – елін, жерін, халқын сүйген жүректің үні, ояту миссиясын арқалаған азаматтың жан дауысы еді.

Кеш барысында Міржақып Дулатұлының өмірі мен шығармашылығына арналған бейнефильм көрсетіліп, Абай атындағы мектеп-лицейінің оқушылары дайындаған



сахналық көріністің әсері мол болды. Сахна төрінен төгілген «Алаш аманаты» күйі ұлт рухының асқақтығын айшықтап, ұрпақ санасына Алаш мұратын сіңіре түсті.

Міржақып сынды алаштықтар әділет пен азаттық жолында жанын шүберекке түйіп, ұлт мүддесін бәрінен биік қойды. Олар бізге тек шығармаларымен емес, өмірімен де өнеге қалдырды. Біз – сол асыл мұраның жоқтаушысымыз, іздеушісіміз. Осындай құндылықтарды қастерлеп, қайта жаңғырту ұлт алдындағы парызымыз болса, болашақ ұрпақтың бойында елге, ұлтқа қызмет ету рухын қалыптастыру бүгінгі міндетіміз. Осы жолда Алаш арыстарының өшпес рухы, ұлтқа адал қызмет ету аманаты бізге бағыт болмақ.

Мейрамгүл САЯЖАН.

► 15 ҚАРАША – ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА – ТЕҢГЕ КҮНІ

МЕМЛЕКЕТ ҚАРЖЫСЫ - ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Бюджеттік қаражаттың дұрыс әрі тиімді пайдаланылуы мемлекет дамуының негізгі көрсеткіші болып табылады. «Теңге - тиыннан құралады» дейтін болсақ, жұмсалған әр тиынның бақылауда болуы өте орынды. Бюджет қаржысының өз орнымен, тиімді жұмсалуын қадағалауда Ішкі мемлекеттік аудит қызметінің алар орны зор. Жаңа құрылымның атқарып жатқан жұмыстары қандай? Бұл туралы бізге Ұлытау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті басшысының орынбасары Рахым Әбуғалиұлы ХАЙДАР әңгімелеп берді.

Жаңа облыстың ашылуына байланысты 2022 жылдың 18 шілдесінде ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне қарасты «Ұлытау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» құрылды. Департамент мемлекеттік органдар мен жартылай мемлекеттік сектор нысандарында ішкі аудит жүргізіп, қаржылық бақылауды қамтамасыз етеді.

Департаменттің құрамында бес бөлім бар. Әр бөлім өз қызметіне сай ерекше міндет атқарады. Мысалы, Қызметті қамтамасыз ету бөлімі кадрлық іс-шараларды ұйымдастырып, қызметкерлерді оқыту мен біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді. Ал, Камералдық бақылау бөлімі мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы алынған мәліметтерді салыстыру жолымен, мемлекеттік аудит объектісіне шықпай камералдық бақылауды жүзеге асырады. Камералдық бақылаудың мақсаты бұзушылықтарды болдырмау және уақытында оның алдын алу, сонымен қатар мемлекеттік аудит нысанындағы бұзушылықтарды өз бетінше жоюға мүмкіндік беру болып табылады.

Үстіміздеші жылдың 9 айындағы көрсеткішке көз салсақ, Камералдық бақылау бөлімі жалпы сомасы 181 млрд. теңге болатын 5659 лотты қамтыған. Тексеру нәтижесінде 8 млрд. теңге сомаға тең 690 лот бойынша заң бұзушылықтар анықталған. Барлық анықталған фактілер бойынша нысандарға қаржы жұмсаудағы бұзушылықтарды жою туралы хабарламалар жолданды. Алайда, олардың 6-уы қойылған талапты белгіленген мерзімде орындамаған. Хабарламаларды уақытылы орындамаған тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылыпты. Бұл - мемлекеттік сатып алу заңнамасының талаптарын бұзған жағдайда жазаның бұлтартпастығын тағы бір рет дәлелдейді. Тексеріс барысындағы ең жиі кездесетін бұзушылықтарға – бір көзден сатып алу тәсілін негізсіз қолдану, баға ұсыныстарын сұрату кезінде тауар белгілерін



көрсету, сондай-ақ техникалық ерекшеліктердің мемлекеттік тілде орналастырылмауы мен сатып алынатын тауарларға стандарттардың көрсетілмеуі сияқты кемшіліктер жатады.

Камералдық бақылау бөлімі 2025 жылдың 9 айы ішінде азаматтар мен ұйымдардан түскен өтініштер бойынша жұмыстың қорытындыларын шығарған екен. Осы кезеңде барлығы 375 өтініш қабылданған, оның ішінде 220 – өтініштер (59%), 138 – шағымдар (38%) және 17 – өзге де хаттар. Айта кетерлігі, 35 өтініш құзыреттілігіне қарай басқа мемлекеттік органдарға жолданған. Түскен өтініштердің мазмұнын талдау көрсеткендей, олардың басым бөлігі мемлекеттік сатып алу заңнамасының сақталуына қатысты. Өтініш берушілер жиі көтеретін мәселелердің қатарында негізсіз біліктілік талаптарын қою, сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің нақты сипаттамасының болмауы, сондай-ақ өнімге стандарттардың болмауы бар. Сонымен қатар, азаматтар мен бизнес өкілдері тендер нәтижелеріне және олардың өткізілу тәртібіне қатысты алаңдаушылық білдіруде.

Ал, Жоспарлау, талдау, есептілік және сапа бақылау бөлімі аудит іс-шараларын жоспарлап, тәуекелдерді талдайды, нәтижелер бойынша басқарушыларға ақпараттық есептер дайындайды. Сондай-ақ, Қаржылық есептілік аудиті бөлімі мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржылық есептілігін тексеріп, кемшіліктерді анықтайды. Департаменттің

бесінші бөлімі - Сәйкестік аудиті бөлімі. Оның мақсаты — мемлекеттік аудит нысандарының қызметін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асыру немесе жүзеге асырмауын анықтау екен.

Заңнамалар мен нормативтік актілердің сақталуын қадағалау бойынша 2025 жылдың 9 айында 21 аудиттік іс-шара өткізілген. Тексеру барысында 7 млрд. теңге көлеміндегі бюджет қаражаты қаралып, оның ішінде 3 млрд. теңге сомасында заң бұзушылықтар анықталыпты. Анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасынан қабылданған шаралар нәтижесінде 1 млрд теңге қалпына келтіріліп, өтелген. Сонымен қатар, 17 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылыпты. Мониторинг шеңберінде Департамент тәуекелді (күдікті) төлемдер туралы хабарламаларды тұрақты негізде мемлекеттік мекемелерге жіберетін көрінеді. Жалпы, жыл басынан бергі мониторинг нәтижесінде бюджетке 21 млн. теңге қайтарылды. Бұл жүйе қаржылық тәуекелдерді дер кезінде анықтап, оларды жоюға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын жобаларды іске асыру мен бюджет саясатын орындауда мемлекеттік аудиттің рөлі аса зор. Облысымыздағы департамент осыған орай қаржылық тәртіпті нығайтып, бюджет қаражатының ашық әрі тиімді жұмсалуын қамтамасыз ету жолында жүйелі жұмыс атқаруда.

Амандық РАХҰЛЫ.

► ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: СЕНІМГЕ СЕРПІН

ҮМІТ ЖӘНЕ МҮМКІНДІК

Мемлекет басшысының биылғы Жолдауы — еліміздің даму бағытын айқындайтын маңызды құжат қана емес, сонымен қатар жастарға жаңа үміт пен мүмкіндік сыйлаған тарихи сәт деуге болады. Бұл жолғы Жолдау елдің әлеуметтік, экономикалық, білім және мәдени салаларындағы өзекті мәселелерді қамтып қана қоймай, жастардың қоғамдағы орнын айқындайтын нақты міндеттерді де жүктейді.

Президент атап өткендей, еліміздің ертеңі — саналы, білімді, жауапкершілігі жоғары жастардың қолында. Бұл сөз әрбір жасқа үлкен сеніммен қатар, зор жауапкершілік жүктейді. Мемлекет тарапынан білім алу, кәсіби біліктілікті арттыру, жастар кәсіпкерлігін қолдау, волонтерлік пен экологиялық мәдениетті дамыту бағыттарында ауқымды жобалар іске асуда. Осындай қолдаулар жастардың өз әлеуетін ашуына жол ашуда.

Бүгінгі таңда жастар тек тыңдаушы емес, өзгерістердің белсенді қатысушысына айналып келеді. Сәтбаев қаласының жастары да еліміздің жаңғыру үдерісіне өз үлесін қосып жүр. Қаламызда жүзеге асып жатқан еріктілік бастамалар, экологиялық акциялар, шығармашылық және спорттық жобалар — осының айғағы.

Біздің басты мақсатымыз — әрбір жасқа өз орнын табуға, арманын іске асыруға мүмкіндік беру.

Жолдауда көтерілген ең өзекті тұстардың бірі — әлеуметтік әділдік пен тең мүмкіндік қағидасы. Бұл — жастардың қоғамда өз әлеуетін толық көрсетуіне негіз болады. Әсіресе ауыл мен қала арасындағы білім мен жұмыспен қамту теңсіздігін азайту — болашаққа сенімді қадам. Себебі әділ қоғамда ғана үміт бар, ал үміт бар жерде мүмкіндік мол.

Бұл Жолдау — тек мемлекеттік саясаттың жаңа кезеңін бастайтын құжат емес, сонымен қатар жас ұрпақтың бойында патриоттық рух пен белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға бағытталған нақты іс-қимыл жоспары. Президенттің жастарға артқан сенімі — олардың ел дамуының негізгі қозғаушы күші екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Сондықтан әрбір жас өз ісінде табандылық



танытып, еліміздің өркендеуіне үлес қосуы қажет.

Сәтбаев қаласының белсенді жастары да осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, түрлі әлеуметтік жобалар арқылы қоғамға өз үлесін қосуда. Эко-акцияларға қатысып, қала көшелерін абаттандыру, қарттарға көмек көрсету, ұлттық мәдениетті насихаттау сынды істер — жастардың жауапкершілігі мен ұйымшылдығын айғақтайды.

Болашақ — біздің қолымызда. Сондықтан әрбір жас өз арманын іске асырып қана қоймай, ел дамуына өз үлесін қосуға ұмтылуы тиіс. Президент Жолдауында айтылған басым бағыттарды жүзеге асыру — тек мемлекеттің емес, әрбір жастың парызы.

Қорытындылай келе, биылғы Жолдау — жастар үшін жаңа мақсат пен шабыттың бастауы. Біз, Сәтбаев қаласының жастары, Президент айқындаған бағытты қолдай отырып, еліміздің жарқын болашағы үшін еңбек етуге дайынбыз.

Үміт — бізде, мүмкіндік — біздің қолымызда!

**Жұлдызай
СЫЗДЫҚБАЕВА,
Сәтбаев қаласы
Жастар ресурстық
орталығы
директорының
орынбасары.**

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ

Халық қатысатын бюджет - азаматтардың жергілікті бюджеттің қаражатын бөлуге қатысу тетігі.

Жезқазған қаласында бұл жоба 2020 жылдан бері іске асырылып келеді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 31 қазандағы №470 бұйрығымен бекітілген жергілікті бюджеттер жобаларын әзірлеу қағидаларына және Жезқазған қаласы әкімінің 2025 жылғы 13 қаңтардағы №06р өкімімен бекітілген «Жезқазған қаласының Халық қатысатын бюджеті» жобасын ұйымдастыру туралы ережеге сәйкес, 2025 жылғы 20 қаңтар мен 30 сәуір аралығында жобалық ұсыныстарды қабылдау жүргізілді.

Жезқазған қаласы әкімдігінің ресми сайтына қала тұрғындарынан 6 жоба ұсынысы келіп түсті.

Жезқазған қаласы әкімдігі жанындағы Эксперттік кеңестің шешімімен және тұрғындардың дауыс беру нәтижелері бойынша, кемінде 50 тұрғын дауыс берген 4 жобалық ұсыныс іске асыруға жіберілді:

1. Байқоңыров көшесі бойымен жаяу жүргіншілер аймағын абаттандыру (Ғарышкерлер бульвары, 56 үйден Тильман ОДО-на дейін);
2. Қоқыс контейнерлеріне арналған жабындар орнату (Жанасов көшесі, «Айгөлек» балабақшасы ауданы);
3. Мини-футбол алаңын орнату (Алашахан даңғылы);
4. Модульдік ғимараттан салынатын 4 қоғамдық әжетхананы орнату: 2-еуі Ғарышкерлер бульвары скверінде, 2-еуі Металлургтер саябағында (фонтан, пирамида маңы).

Аталған жобалар қалалық бюджет есебінен қаржыландырылып, жүзеге асырылады.

«Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында Жезқазған қаласында тұрғындардың бастамасымен ұсынылған жобалар іске асырылып келеді.

Қазіргі уақытта қалада 2024 жылы дауыс беру нәтижесінде іске асыруға рұқсат етілген екі жоба орындалуда.

Атап айтқанда, Сарыарқа көшесі, 8 мекенжайындағы аула аумағын абаттандыруға қалалық бюджеттен 31 629 172 теңге бөлінді. Жұмыстар толық көлемде аяқталып, жаңартылған аумақ тұрғындардың пайдалануына берілді.

Келесі жоба – «Есенберлин көшесі, 11 мекенжайындағы аула мен аумақты абаттандыру». Оның іске асырылуына 2025 жылғы бюджетте 54 249 000 теңге қарастырылған. Барлық жұмыстардың аяқталуы және объектінің тапсырылуы 2026 жылға жоспарланған.

«Халық қатысатын бюджет» жобасы тұрғындарға қала аумақтарын тікелей дамытуға және өз ауданын жайлы етуге мүмкіндік береді.



2026 жылы жоба ұсыныстарын қабылдау да 20 қаңтардан басталады. Бұл Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі №208 бұйрығымен бекітілген бюджет жоспарлау ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Алдағы қаржылық жылдың 15 қаңтарына дейін Жезқазған қаласы әкімдігі жобалық ұсыныстарды қабылдау туралы ақпаратты өзінің ресми интернет-ресурсында масс-медида орналастырады.

Мынадай іс-шаралар дауыс беруге шығарылады және әкімдік іске асырады:

- 1) аумақты көгалдандыру;
- 2) тротуарларды жайластыру;
- 3) тротуарларды, пандустарды, арықтарды салу және жөндеу;
- 4) ортақ пайдалану орындарын құру, жөндеу және жарықтандыру (саябақтар, скверлер, жаяу жүргіншілер аймақтары, көшелер және өзге де объектілер);

5) бордюрларды, брусчаткаларды, тіреуіш қабырғаларды жөндеу;

6) қоқыс тастайтын жерлерді жою;

7) ортақ пайдалану орындарында күркелер, орындықтар, урналар және балалардың ойнауы және ересек тұрғындардың демалуы үшін жабдықтар мен конструкциялар орнату және жөндеу;

8) аула аумақтарында және ортақ пайдалану орындарында спорттық (жаттығу алаңдарын, футбол, баскетбол, волейбол алаңдарын), балалар ойын алаңдарын орнату, жөндеу және жарықтандыру;

9) санитарияны қамтамасыз ету.

Беру кезінде бір жобалық ұсынысты іске асырудың шекті құны облыстық маңызы бар қала үшін ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген он бес мың еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспауы тиіс.

Облыстық маңызы бар қала бюджетінің қаражаты есебінен іске асыруға

ұсынылатын жобалық ұсыныстарға қойылатын талаптар:

- 1) ортақ пайдалану объектісі;
- 2) тиісті аумақтар тұрғындары үшін өзектілігі.

Бұл ретте оларды бір қаржы жылы ішінде іске асыру мүмкіндігі бар жобалық ұсыныстар басым болып табылады.

Жобалық ұсыныстарды қабылдау мерзімінің аяқталу қорытындысы бойынша келіп түскен жобалық ұсыныстарды Сараптамалық кеңес ағымдағы қаржы жылының 5 сәуіріне дейінгі мерзімде:

жобалардың қайталануының болмауына;

Қазақстан Республикасының заңнамасында әкімдікте оларды іске асыру құзыреттілігінің болуы мәніне талдауды жүзеге асырады.

Іске асырылуы талаптарға сәйкес келетін жобалық ұсыныстарды әкімдік дауыс беруді өткізу үшін ресми интернет-ресурсында және бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырады.

Бұл ретте:

1) тұтас емес, фрагменттік сипаты бар (элементтердің бірін орындау болашақта қосымша элементтерді іске асыруды талап етеді);

2) тиісті елді мекеннің даму басымдықтарына сәйкес келмейтін;

3) жеке коммерциялық сипаттағы ұсыныстарды іске асыруды көздейтін;

4) тиісті елді мекеннің құрамдас бөліктерінде осыған ұқсас іске асырылған жобалары бар жобалық ұсыныстар дауыс беруге жіберілмейді.

Тиісті елді мекендердің кәмелетке толған тұрғындары ағымдағы қаржы жылының 24 сәуіріне дейінгі мерзімде ұсынылған жобалық ұсыныстар бойынша ресми интернет-ресурсында электрондық түрде дауыс беруді жүзеге асырады.

Дауыс беру рәсімі аяқталғаннан кейін әкімдік дауыс беру нәтижелерін шығарады.

Дауыс беру нәтижесі негізінде Сараптамалық кеңес ағымдағы қаржы жылының 30 сәуірінен кешіктірмей тиісті шешім шығарады.

Бұл ретте облыстық орталығының 20-дан кем тұрғыны дауыс берген жобалық ұсыныстар іске асырылуға жіберілмейді.

Дауыс беру нәтижелері мен Сараптамалық кеңестің шешімі әкімдіктің интернет-ресурсында және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға жатады.

«Халық қатысатын бюджет» жобасы барлық тұрғындар үшін бірдей қол жетімді. Бұл жоба әрбір азаматқа өз ауданының дамуына тікелей ықпал етуге мүмкіндік береді. Сіз де өз ұсыныстарыңызды айтып, қалаңыздың көркеюіне өз үлесіңізді қосыңыз!

«Жезқазған қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ

РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОЕКТОВ ПО ПРОЕКТУ «БЮДЖЕТ НАРОДНОГО УЧАСТИЯ»

Бюджет народного участия – участие граждан в распределении средств местного бюджета. В городе Жезказган проект реализуется с 2020 года.

В соответствии с Правилами разработки проектов местных бюджетов, утвержденными приказом Министра финансов Республики Казахстан от 31 октября 2014 года № 470 и на основании Положения об организации проекта «Бюджет народного участия города Жезказган», утвержденного распоряжением акима города Жезказган от 13 января 2025 года № 06р с 20 января по 30 апреля 2025 года проведен прием проектных предложений.

На сайт акимата города Жезказгана поступило 6 заявок от жителей города.

По решению Экспертного совета акимата города Жезказган, также по результатам голосования жителями города Жезказган 4 проектные предложения, за которые проголосовало не менее 50 жителей допущены к реализации:

1. Устройство пешеходной зоны по ул. Байконурова (от дома №56 по бульвару Гарышкерлер до ЦСЗ Тильмана), ул. Байконурова;

2. Строительства навесов для мусорных контейнеров, по ул.Жанасова (район Детского сада «Айгелек»);

3. Установка мини-футбольного поля, ул.Алашахана;

4. Установка общественных туалетов из модульного здания - 4шт (бульвар Гарышкерлер (сквер) 2 шт, парк Металлург (фонтан, пирамида) 2 шт.).

Проекты будут реализованы за счет городского бюджета.

В рамках проекта «Бюджет народного участия» в Жезказгане продолжается реализация проектов, предложенных самими горожанами. На сегодняшний день в городе реализуются два проекта, допущенных к выполнению по итогам голосования в 2024 году.

Так, на благоустройство дворовой площадки по адресу ул. Сары Арка, 8 из городского бюджета было выделено 31 629 172 тенге. Работы завершены в полном объеме, жители уже активно используют обновленную территорию.

Следующий проект - «Обустройство дворовой площадки и территорий по ул. Есенберлина, 11». На его реализацию в бюджете 2025 года предусмотрено 54 249 000 тенге. Завершение всех работ и сдача объекта планируются в 2026 году.

Проект «Бюджет народного участия» даёт возможность жителям напрямую влиять на развитие городской среды и делать свой район комфортнее.

В 2026 году прием проектных предложений в рамках бюджета народного участия начнутся также 20



января 2026 года согласно Правил планирования бюджета, утвержденным приказом Министра финансов Республики Казахстан от 29 апреля 2025 года № 208.

В срок до 15 января предстоящего финансового года акимат размещает информацию о приеме проектных предложений на официальном интернет-ресурсе акимата города Жезказгана и в масс-медиа.

В рамках бюджета народного участия выносятся на голосование и реализуются акиматом следующие мероприятия:

- 1) озеленение территории;
- 2) обустройство тротуаров;
- 3) строительство и ремонт тротуаров, пандусов, арыков;
- 4) создание, ремонт и освещение мест общего пользования (парки, скверы, пешеходные зоны, улицы и иные объекты);
- 5) ремонт бордюров, брусчатки, подпорных стен;
- 6) ликвидация свалок;
- 7) установка и ремонт беседки, скамьи, урны, оборудования и конструкции для игр детей и отдыха взрослого населения в местах общего пользования;
- 8) установка, ремонт и освещение спортивных (тренажерных площадок, футбольных, баскетбольных, волейбольных полей), детских игровых площадок на дворовых территориях и в местах общего пользования;
- 9) обеспечение санитарии.

Предельная стоимость реализации одного проектного предложения на момент его подачи не должна превышать пятнадцатикратный размер месячного расчетного показателя, установленного законом о республиканском бюджете на текущий

финансовый год для города областного значения.

Требования к проектным предложениям, предлагаемым к реализации за счет средств бюджетов города областного значения:

- 1) объект общего пользования;
- 2) актуальность для жителей соответствующих территорий;

При этом, приоритетными являются проектные предложения с возможностью их реализации в течение одного финансового года.

По итогам окончания срока приема проектных предложений, Экспертным советом в срок до 5 апреля текущего финансового года осуществляется анализ поступивших проектных предложений:

на отсутствие дублирования проектов;

на предмет наличия в законодательстве Республики Казахстан компетенции акимата для их реализации.

Проектные предложения, реализация которых соответствует требованиям, размещаются акиматом на официальном интернет-ресурсе и в средствах массовой информации для проведения голосования.

При этом, не допускаются к голосованию проектные предложения, которые:

- 1) не являются целостными, а имеют фрагментарный характер (выполнение одного из элементов в будущем потребует реализации дополнительных элементов);
- 2) не соответствуют приоритетам развития соответствующего населенного пункта;
- 3) предусматривают реализацию предложений частного коммерческого характера;

4) имеют аналогичные реализованные проекты в составных частях соответствующего населенного пункта.

Жителями соответствующих населенных пунктов, достигшими совершеннолетнего возраста, в срок до 24 апреля текущего финансового года осуществляется голосование в электронном виде на официальном интернет-ресурсе по представленным проектным предложениям.

После окончания процедуры голосования акиматом подводятся результаты голосования.

На основе результата голосования Экспертный совет не позднее 30 апреля текущего финансового года выносит соответствующее решение.

При этом, к реализации не допускаются проектные предложения, за которые проголосовало менее 20 жителей областного центра.

Результаты голосования и решение Экспертного совета подлежат к опубликованию на интернет-ресурсе акимата и в средствах массовой информации.

«Халық қатысатын бюджет» жобасы барлық тұрғындар үшін бірдей қол жетімді. Бұл жоба әрбір азаматқа өз ауданының дамуына тікелей ықпал етуге мүмкіндік береді. Сіз де өз ұсыныстарыңызды айтып, қалаңыздың көркеюіне өз үлесіңізді қосыңыз!

Проект «Бюджет народного участия» одинаково доступен для всех жителей. Этот проект даёт каждому гражданину возможность напрямую влиять на развитие своего района. Вы также можете внести свои предложения и внести вклад в благоустройство своего города!

ГУ «Отдел экономики и финансов города Жезказган»

МЕДИАЦИЯ – ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ

Азаматтық сот ісін жүргізуде даулардың жекелеген санаттарын медиация тәртібінде сотқа дейінгі реттеу, татуластыру рәсімдерін қолдану аясын кеңейту, азаматтардың сот шығындарын барынша азайту, дауларды сотқа дейін реттеуде тараптардың мүдделілігін арттыру және тұрақтылықты сақтауға, түрлі туындайтын дау-жанжалдарды бейбіт жолмен шешуге мүмкіндік беретін бітімгершілік келісімдер мен медиация институтын дамыту, насихаттауды және жобаны тиімді жүзеге асыруды мақсат етеді.

Дауды шешудегі медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу, тараптардың дауласушылық деңгейін төмендетуді көздейтін медиацияның мақсаттары: еріктілік, тараптардың тең құқылығы, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы, медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік болып табылады және ол құпиялық қағидаттар негізінде жүргізіледі.

Тараптардың медиация туралы шартта көрсетілген өзара ерікті ниет білдіруі – медиация рәсіміне қатысудың шарты болып табылады. Тараптар кез келген сатыда медиациядан бас тартуға құқылы. Медиация барысында тараптар өз қалауы бойынша өздерінің материалдық немесе процессуалдық құқықтарын иеленуге, талаптар мөлшерін ұлғайтуға немесе азайтуға, даудан бас тартуға ерікті. Тараптар мен үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін бұзбайтын, заңда көзделген де, заңда көзделмеген де өзара қолайлы келісім нұсқаларын талқылау үшін мәселелерді таңдауда тараптар еркін болады.

Медиация – қоғамды бірлестірудің басты күші ретінде келісімге келу, даулар мен келіспеушіліктерді өзара тиімді шешімге келтіру, азаматтық қатынастардан туындайтын даулар бойынша соттан тыс реттеу, шешу, соттардан тыс тәртіппен жүргізу институттар жүйесін және оның оң тәсілдері мен тетіктерін одан жоғары дамытуды қолға алған дұрыс.

Медиацияның негізгі мақсаты келіспеушіліктегі оң жақ пен кінәліні анықтау емес, медиацияның негізгі мақсаты - тараптарды консенсусқа

келтіру болып табылады. Медиация – үшінші бейтарап көзқарасты ұстанатын тараптың, яғни, медиатордың қатысуымен дау-жанжалдарды шешудің баламалы әдісі. Ол екі жақтың еріктілік, құпиялық, тең құқылығын сақтай отырып, тараптардың өзара тиімді бітімге келуіне жол ашады.

Аталмыш заң жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан, сондай-ақ, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын дауларды шешуге қолданылады. Ал, келесі жағдайда, ол әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың мүдделеріне қатысты, тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын дауларға, сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы істер бойынша қолданылмайды.

Медиация азаматтар арасында қарым-қатынасты нығайтуға, таластартыс деңгейін төмендетуге, тараптардың бір-біріне деген қарым-қатынас мәдениетінің, этикасының жоғалмауына, ерікті түрде орындалатын шешімдердің көбеюіне әкеледі.

«Медиация туралы» заңның қажеттілігі мен оның дамуы өркениет көшіне батыл бет түзеген біздің қоғамымызда оң өзгерістердің жүзеге асырылып жатқандығының айқын көрінісі екендігін айғақтайды.

С.БУХАРОВА,
Сәтбаев қалалық соты
әкімшісінің басшысы.

► ҰЛТ. ДІН. ҚОҒАМ.

ДІН МЕН ДӘСТҮР – ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Әр халықтың өзіндік болмысын, рухани әлемін, өмір сүру салтын айқындайтын екі үлкен ұғым бар — дін мен дәстүр. Бұл екеуі — ғасырлар бойы қалыптасып, ұлттың жанына айналған құндылықтар. Олар ұлттың рухани тұтастығын, адамгершілік негізін сақтап, қоғамның дамуына бағыт-бағдар беріп отырады. Дін мен дәстүр — халықтың өткенін бүгінмен жалғап, болашаққа аманаттайтын алтын көпір.

Дін — рухани тірек

Дін — адам мен жаратушы арасындағы байланыс қана емес, сонымен қатар адам баласының өмірлік ұстанымдарын қалыптастыратын күш. Ислам діні қазақ халқының дүниетанымына, мінез-құлқына, тұрмыс-тіршілігіне терең сіңді.

Қазақ «Бісміллесіз іс — баянсыз» деп, әр ісін Алланы еске алумен бастаған. Бұл — діннің өмірдің ажырамас бөлігі екенін көрсетеді. Дін адамды ізгілікке, әділдікке, мейірім мен сабырлыққа шақырады. Осы арқылы қоғамда тәртіп пен татулық орнайды.

Дәстүр — ұлттың тамыры

Ал дәстүр — халықтың өмір тәжірибесінен туындаған, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан рухани және мәдени байлық. Қазақ халқының салт-дәстүрлері — ғасырлар бойы қалыптасқан өмір мектебі.

Мысалы, қонақжайлық, сәлем беру, жеті ата дәстүрі, тұсау кесу, шілдехана, беташар секілді ғұрыптар тек әдет емес, халықтың дүниетанымын, адамгершілік құндылықтарын бейнелейді. Дәстүр арқылы адам өз тамырын, ұлтын, тегін таниды.

Дін мен дәстүрдің сабақтастығы

Қазақ халқының ерекшелігі — дін мен дәстүрдің үйлесім табуында. Ислам діні келгеннен кейін қазақтың бұрыннан бар жақсы дәстүрлері шарият қағидаларымен үндесіп, одан әрі дамыды. Мысалы, ата-анаға құрмет көрсету, жетімге жәрдем беру, қонақ күту сияқты дәстүрлердің барлығы да исламдағы ізгі амалдармен сәйкес келеді.

Қазақ: «Дін — діңгегіміз, дәстүр — тініміз» — деп бекер айтпаған.

Дін адамды имандылыққа тәрбиелесе, дәстүр оны ұлттық сана мен мәдениетке баулиды. Екеуін бөліп қарау — рухани тұтастықты бұзу деген сөз.



Қазіргі қоғамдағы маңызы

Қазіргі жаһандану заманында дін мен дәстүрдің рөлі бұрынғыдан да артып отыр. Өркениет пен технология дамыған сайын адамзат рухани құндылықтардан алыстап бара жатқандай. Осындай кезеңде ұлттық дәстүр мен дін адамға бағыт беріп, өз тамырынан ажырамауға көмектеседі.

Имандылық пен салт-дәстүрді сақтаған қоғам ғана тұрақтылық пен бірлікті сақтай алады. Сондықтан жастарға осы екі құндылықты терең ұғындыру — бүгінгі ұрпақтың басты міндеті.

Дін мен дәстүр — халықтың қос қанаты. Бірі — рухтың, екіншісі — мәдениеттің тірегі. Дін мен дәстүрді қастерлеу — өз ұлтынды, өз тарихыңды құрметтеу. Бұл екеуі бар жерде халықтың рухы биік, болашағы баянды болмақ.

Нұрсұлтан АЗБЕРГЕНОВ,
Республикалық ақпараттық
түсіндіру тобының мүшесі.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Сәтбаев қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде 3-45-23 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады.

Жұмыс уақыты 9:00 — 18:30-ға дейін.

Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

ГУ «Аппарат Сатпаевского городского маслихата» сообщает, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 3-45-23 с режимом работы с 9:00 до 18:30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией.

Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Жезказған қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде 76-03-58 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады. Жұмыс уақыты 9.00-18.30-ға дейін.

Email: zhezmaslih@mail.ru

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

Государственное учреждение «Аппарат Жезказганского городского маслихата» сообщает о том, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 76-03-58, с режимом работы с 9.00 до 18.30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией.


Email: zhezmaslih@mail.ru



ОВЕН. На этой неделе вас охватит чувство, будто все наконец-то сдвинулось с места. Любая инициатива даст быстрый отклик, поэтому не бойтесь действовать первым. Будьте смелее, особенно в делах, которые раньше откладывали. В конце недели появится человек или идея, способные вдохновить вас на что-то большее, чем просто очередной проект.



ТЕЛЕЦ. Тельцы, гороскоп на неделю советует вам сейчас не спешить. Эта неделя словно создана для того, чтобы вы почувствовали вкус к жизни, к простым радостям, к тишине. Вас могут тянуть в уединение, и это не бегство, а способ услышать себя. Нежность и внимание со стороны близких станут напоминанием о том, что стабильность — это не рутина, а опора.



БЛИЗНЕЦЫ. События у Близнецов этой недели будут похожи на калейдоскоп — яркие, переменчивые, полные новых лиц и идей. Ваша легкость поможет оказаться в нужном месте в нужное время. Возможен неожиданный разговор, после которого вы посмотрите на будущее иначе. Не бойтесь перемен — они приведут туда, где вам действительно интересно.



РАКИ почувствуют, что пришло время перестать защищать старое и впустить что-то новое. Это не обязательно внешние перемены — возможно, вы просто иначе посмотрите на себя. Кто-то проявит к вам искренний интерес, и вы поймете, что доверие возвращается постепенно, но надолго. Тепло, которое вы дарите, начнет возвращаться.



ЛЕВ. То, что вы делали долго и терпеливо, наконец начнет приносить результаты. Вас будут слушать и слышать. Есть шанс стать центром внимания не потому, что вы стараетесь, а потому что в вас чувствуется уверенность. Под конец недели придет вдохновение, которое лучше не откладывать.



ДЕВА. Неделя у Дев проходит под знаком ясности. Вы словно наводите фокус — и видите то, что раньше ускользало. Не спешите принимать решения — они должны дозреть. Приятные перемены возможны в доме: уют, новые детали, ощущение порядка. Все, что связано с внутренним комфортом, станет особенно важным.




ВЕСЫ. Вы почувствуете потребность в балансе, но искать его стоит не снаружи, а внутри. Пора вспомнить, что гармония — это не отсутствие контрастов, а умение ими управлять. Кто-то может обратиться к вам за поддержкой, и именно это вернет ощущение собственной силы. Неделя подойдет для обновления связей и старых планов.




СКОРПИОНЫ это ваш момент. Вы обретае внутренний импульс, который сложно описать словами. Все, что было скрыто, становится очевидным. Встречи будут эмоционально насыщенными, но в них появится честность, которой не хватало раньше. Неделя щедра на озарения — не упустите то, что начинается тихо, но изменит многое.



СТРЕЛЕЦ. Словно свежий ветер, эта неделя приносит вдохновение и ощущение свободы. Вам захочется действовать, путешествовать, говорить открыто. Но главное — не разбрасываться. То, что вы начнете сейчас, может стать основой на долгие месяцы. Слушайте себя, и путь Вселенная покажет, куда стоит сделать следующий шаг.



КОЗЕРОГ. Вы стоите на грани важных перемен, хотя снаружи может казаться, что все спокойно. Неделя подходит для планирования и тихого продвижения к цели. Вас заметят, даже если вы не стремитесь к этому. В личных делах — зрелость, уверенность, ощущение, что теперь вы управляете ритмом жизни.



ВОДОЛЕЙ. Появится новое направление, идея или человек, которые словно поднимут вас над рутинной. Это не буря, а скорее внутренний порыв, желание снова творить и экспериментировать. Неделя пройдет под знаком свободы и легкости. Слушайте вдохновение, оно ведет вас в верном направлении.



РЫБЫ, вы входите в период мягких, но значимых перемен. Возможно, кто-то из прошлого напомнит о себе — не для того, чтобы вернуть старое, а чтобы вы окончательно отпустили ненужное. Внутренний покой, творчество, забота о себе — ваши главные темы недели. Все произойдет естественно, без спешки.

СКАНВОРД

							Шар для пинг-понга		Машина для буксировки		Совет при патриархе
«Клон» в переводе с греческого		Боец в корриде		Расщепление		Надпись для глухонемых					
							Стадион хоккеистов		Кочующие гадалки и бароны		Что такое дротик?
Что скрывает в себе заявка?		Уютное свитое строение		Подлодка капитана Немо		Хищническая сущность клопа					
							Дитяtko родное				
Амплуа ученого-химика								Официальный документ		Перестрелочный фильм	
Хвастливая шавка	Водный грызун		Что ведет учитель в школе?					На какой реке стоит Сургут?			
					Между супом и компотом						
	Продукт переработки нефти		Гнет правления			Касситерит - это чья руда?			Самый твердый после алмаза		Фрукт к шампанскому
					Фиговое дерево						
	Разумность		Держи... остро!			«...освободитель» у Вучетича					
					Процесс на конвейере						
	Жидкий орех		Возлияние по крупному (разг.)	Мужик, дающий молоко		Нижнее белье		...миокарда		Опекун, попечитель	
Аэробика		Смесь брюнетки с пергидролем									
				Лицевая сторона монеты		Носитель чалмы					
Страна инков		«Корова во дворе, ... на столе»				Наживка для рыбы		Настольная игра		Вязанный ошейник	
					Путаница						
Сталь по сути		Мумба-юмба по цвету кожи				Часть батальона					
					Пелевин						
«Винная ягода» среди плодов		Ответ подчиненного в армии				Горячее в болоте					

Анекдоты, анекдоты...



Аляска. Встречаются два президента. Трамп говорит:

- Значит так, Владимир, забираешь Одессу, Николаев, Херсон, Запорожье, ЛНР, ДНР, Харьков, да и Аляску тоже забирай, и прекращаешь эту войну.

Путин встал и, пожимая руку Трампу, говорит:

- Ладно, договорились, а что ты мне за это дашь?

Пингвин и зебра приходят к фотографу. Зебра говорит: «Я хочу сфотографироваться, как я отдыхаю на пляже». Фотограф отвечает: «Конечно, но как я вас буду снимать?» Зебра: «А вы найдите себе другую фотографию, на которой вы будете отдыхать на пляже».

Мышь услышала мяуканье кошки и тихонько притаилась в норке. Тут раз-

дался лай собаки. Мышь обрадовалась:

— Если поблизости собака, то кошка наверняка убежала. Теперь можно вылезти наружу.

Кошка тут же поймала мышь и, проглотив ее, довольная, произнесла:

— Муррр! Как хорошо знать иностранный язык!

Сидят в баре звери. Вдруг заяц открывает дверь пинком, подходит ко льву и говорит:

— А ну, пошли поговорим!

Лев:

— Пошли.

Через некоторое время лев возвращается весь в крови, морда исцарапана. Удивленные звери спрашивают:

— Ну, что?

— Кто ж знал, что он по крыжовнику побежит?

КІТАПХАНАДАҒЫ ИГІ ІСТЕР

№3 мектептің кітапханасында Гүлбәну Байгенжинаның кітапханашы болып қызмет атқарып келе жатқанына бірнеше жылдың жүзі болды. Ол оқушыларды кітап әлеміне тартуда әрқашан ізденімпаздық танытып келеді.



Айталық, жуырда ғана 5-6 сынып оқушылары арасында өткен «Абай даналығы, халық мұрасы» атты әдеби танымдық сабақ қалай әсерлі өтті десеңізші! Ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығына шолу жасау арқылы, өлеңдерін оқып, насихаттауды мақсат етіп ұйымдастырылған сабақта оқушылардың белсенділігі жоғары болды.

Сабақтың тартымды өтуіне «Абайды оқы, таңырқа!» тақырыбындағы кітап көрмесі оң әсер етті. Оқушылар ақын өлеңдерін мәнерлеп жатқа айтып жатты. Кітапханашы кейбір өлеңнің жазылу тарихынан сөз қозғап, оқушылардың Абай мұрасына деген қызығушылығын арттыра түсті.

Сондай-ақ, Гүлбәнудің ұйымдастырған «Қазақстан - кең байтақ Отаным» кітап көрмесі де оқушылардың қызығушылығын туғызды. Оқушыларды өз Отанын сүйе, туған халқының тілін, мәдениетін, салт - дәстүрін қастерлейтін саналы да парасатты азаматтар тәрбиелеу – кітап көрмесінің көрменің басты мақсаты болды.

- Әрине, «Білім инемен құдық қазғандай» демекші, өскелең ұрпақты елді, жерді қастерлеп, құрметтеуге тәрбиелеу оңай емес. Біз бүгінгі заманға қалай жеттік? Ұлтымыздың басынан қандай қиыншылықтар өтті? Мақтан тұтатын тұлғаларымыз кімдер және олар Отан үшін,



ел үшін қандай еңбек сіңірді? Міне, осындай санауан сұрақтарды алдыға қойып, соның жауабын жас ұрпақтың санасына сыналап енгізе бергеннен ұтпасақ, ұтылмаймыз – дейді Гүлбәну.

Ізденімпаз кітапханашының еңбегі әрқашан жемісті бола берін!

Абдолла ДАСТАНОВ.

«SMM» КУРСЫ МӘРЕГЕ ЖЕТТІ

Сәтбаев қаласында Ұлытау облысының Кәсіпкерлер палатасы Сәтбаев қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырған «SMM» курсы аяқталды. Жоба «Кәсіпкер әйел» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылды.



Курс барысында тыңдаушылар әлеуметтік желілердегі бизнесті ілгерілетудің заманауи құралдары бойынша тәжірибелік білім алды. Қатысушылар SMM жүргізудің негізгі қағидаларын, Instagram желісін дамыту мен жүргізу стратегиясын, жарнамалық маркетингтің ерекшеліктерін, мақсатты аудиторияны тарту әдістерін және мобилографияның базалық дағдыларын меңгерді.

Курс түлектерін Сәтбаев қаласының әкімі Мұрат Бөрібаев құт-

тықтап, қатысушыларға өз ісін дамыту мен жаңа идеяларды жүзеге асыруда табыс тіледі.

– Біз алған білімдер біздің кәсіпкерлерге әлеуметтік желілерді өз жобаларын ілгерілету, жаңа жұмыс орындарын ашу және қаладағы бизнесті дамыту үшін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді деп сенеміз, – деді Сәтбаев қаласының әкімі.

Айта кету керек, курсқа қатысушылары үшін оқу тегін негізде өткізілді.

– Бағдарламаның негізгі мақсаты – әйел кәсіпкерлігін қолдау, шағын және орта бизнесті дамыту, сондай-ақ өңір кәсіпкерлерінің цифрлық сауаттылығын арттыру, – деп атап өтті Ұлытау облысының Кәсіпкерлер палатасының директоры Гүлмира Каженова.

Курстың спикері – бизнес-коуч, «GZ орталығы» оқу орталығының негізін қалаушы Гүлнара Загирова болды. Оның айтуынша, бұл білім беру бағдарламасы жүзеге асқан төртінші қала – Сәтбаев болып отыр.

– Біз шағын қалалардағы әйелдердің белсенді дамуға, бизнесті алға жылжытудың заманауи құралдарын меңгеруге ұмтылатынын көріп отырмыз. Бұл бағытта әкімдіктер мен мемлекеттік бағдарламалардың қолдауы шешуші рөл атқарады, – деді Г. Загирова.


Сәтбаев қаласы әкімдігінің қолдауының арқасында 50 қатысушы оқуды сәтті аяқтап, курсты тәмамдағаны туралы сертификаттар алды.

Осындай оқу жобаларының жүзеге асырылуы кәсіпкерлік бастамаларды жандандыруға, әйелдердің экономикадағы рөлін арттыруға және өңір деңгейінде шағын бизнесті нығайтуға ықпал етеді.

Ай НҰР.

AVTOBYS ҚОСЫМШАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қалаішілік қоғамдық көліктердің жұмысын жақсарту және тұрғындардың жайлылығын арттыру мақсатында AVTOBYS мобильді қосымшасы пайдалануға берілді.



Бұл қосымша арқылы сіз: автобустардың қозғалысын нақты уақыт режимінде бақылай аласыз; өзіңізге қажет маршруттың кестесін көре аласыз; аялдамада ұзақ күтпей, автобус қашан келетіні туралы ақпарат ала аласыз.

Барлық автобустарға GPS-трекерлер орнатылды.

Электронды төлем жасау үшін Kaspi Bank және Halyk Bank QR-кодтары енгізілді.

Алдағы уақытта төлем жүйесіне арналған планшеттер мен басқа да құрылғылар орнатылады.

AVTOBYS — заманауи және ыңғайлы қоғамдық көлік жүйесіне қадам!

Өз тілшімізден

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген, 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 520 Заказ 1940

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.